



# QOR.KZ

Үздік кітаптардың қысқа мазмұндамалар қоры

## Ли Куан Ю: СИНГАПУР ТАРИХЫ

Ли Куан Ю – Сингапурлық саясаткер. Сингапур Республикасының ең алғашқы премьер-министрі. Бұл адамның есімімен қала-мемлекет – Сингапурдың тарихи қалыптасуы, құрылуы, дамуы тікелей байланысты. Сингапур Республикасы 40 жылдың ішінде халықаралық саясат, экономикасының қарқынды дамуымен бүкіл әлем мойындаған Оңтүстік-Шығыс Азиядағы алып шаһарға айналды. Бұл кітап саяси қызметкердің ғұмырнамасы ғана емес. *Жетістікке қалай жету? Бүкіл халықты қалай мойындату?* деген сияқты көкейкесті ойларға толық жауап беретін ақыл-кеңеске толы даналықты насихаттайтын кітап. Үй салуды, кітап жазуды үйрететін кітаптар бар екенін білемін, дейді автор, бірақ маған әр түрлі, әр елден келген халықтың, соның ішінде Қытай, Британдық Үндіден, Нидерландық ост-Үндіден келген иммигранттардан бір ұлт жасау немесе сауда жөнінде бүкіл экономикалық рөлден айырылған кездегі қала халқының тіршілік етуін қамтамасыз етуді үйрететін оқулық көрмеппін.

Біз 1963 жылы қыркүйекте Малайзия Федерациясына қосылғанбыз. Сингапур мен Федерация арасында басында саяси келіспеушіліктер болған, сөйтіп бұл жағдайлар 1965 жылы 9 тамызда федералды үкімет Федерация құрамынан шығуымызды талап етуіне әкелді. Бұл бізді тәуелсіз мемлекет етіп, таныс емес жолмен жүруді мәжбүр қылды. Көптеген ауыр қиыншылықтарды бастан кешіріп, адам төзгісіз жағдайда өмір сүрдік. Сингапур жасанды құрылыс үлгісі еді. Ағылшындықтардың сауда негізінде салған, біртіндеп бүкіләлемдік теңіз саудасына шығатын пункті болатын. Ол

құлағаннан кейін, біз материксіз аралды, денесіз жүректі мирасқа алдық. Тәуелсіздікті алған күні баспасөз қызметкерлері бір ауыздан бізді тірі өлікке балады. Менің қынжылған көңілімді, одан бетер түсірумен болды. Бір автор бізді Рим империясының құлауымен де теңестірді. Олардың қауіп-қатерін түсінумен болдым, алайда менің қызметім, дейді автор, халқыма тірек болып, жүректеріне сенім ұялату еді. Менің бірнеше тығыз шаруаларым болатын:

**Біріншіден,** Сингапурдың тәуелсіздігін, БҰҰ-на мүше екендігін бүкіл әлемге мойындату. Ол үшін сыртқы істер министрі ретінде, өте қабілетті, ақылды Синатамби Раджаратаманы қойдым.

**Екіншіден,** мемлекеттің қорғанысын ұйымдастыру. Бізде мүлдем әскер жоқ еді. Екі батальонымыз малайлық бригадалық генерал қармағында еді. Аз уақыт аралығында қандай болмасын қарулы күштерді қалай ұйымдастыруға болады? Куала-Лумпурдағы малайлық экстремистердің кез-келген бүлігін тойтара алатын жағдайда болу керек едік. Сингапурдағы малайлықтарды бізге айдап салу арқылы бізді және біздің тәуелсіздігімізді жоқ қылып жіберетін қауіп төніп тұрды. Малайзия Сингапурды қол астынан мүлде шығарғысы келмеді. Осы мәселені шешу барысында тағы бір тығыз шаруа тұрды – ол қоғамдық тәртіпті сақтау. Егер біздегі малайлық тұрғындар бүлік шығарса, онда малайлықтардан тұратын полицияның ниеттері басқа арнаға бұрылып кетпесіне ешкім кепіл бола алмайды, сонымен қатар, екі батальонымыз да малайлықтардан құралған еді.

**Үшінші,** ең ауыр мәселелердің бірі экономика: халықты қалай, немен асыраймыз? Индонезия бізге қатысты «конфронтация» жағдайында еді, ол деген сауданың тоқырауына апарды. Малайзия болса, тек өзінің борты арқылы тікелей сауда жасауға кірісті. Бір кездері Ұлыбританияның басқаруы арқылы келген тәуелсіз Сингапур енді қалай өмір сүрмек? Онсыз да 14% көрсетіп тұрған жұмыссыздық деңгейін көбейтіп алмау, британдық басқарудың шарттарынсыз, қалай өзге жолмен еңбек ету. Шектелген мүмкіндіктерімізді пайдаланып, мықты, әр түрлі жағдайға бейімделгіш адамдар болу үшін, сапалы және арзан тауарлар шығарып, барлық

көршілерімізді басып озу үшін, көп еңбек пен күш жұмсау керек едік. Басқалардан ерекшелену міндеті тұрды.



1968 жылы біз Израиль модернизациядан кейін жеңілдікпен сатқан жеңіл француз AMX-13 танктерін сатып алуды шештік. 1969 жылы маусым айында Сингапурге 30, сосын тағы қыркүйекте 42 танк жеткізілді. Үндістанның премьер-министрі Лал Бахадүр Шастри мен Египеттің президенті Насерге бес батальон құруға көмектесетін кеңесші керектігі туралы жазылған хат жібердім. Екеуі де, тек Сингапурдың тәуелсіздігін мойындап хат жазып жіберді, әскери көмек туралы еш жауап болмады. Ең қатты жүрегіме тигені – Насыр, менің досымның маған тіл қатпағаны. Тез арада әскер жинау үшін адамдардың рухын, көңіл-күйін көтеру керек болды. Ата-аналар балаларының әскер немесе полициялық қызметке қабілеттері бар-жоғын білу үшін, ұлттық және полицейлік кадет корпусын ұйымдастырдық. Адамдар, әскерлерге өздерін қорғайтын қорғаншылар ретінде көріп, сыйлайтын дәрежеге жеткізгіміз келген. Сөйтіп, Кен Сви израильдықтар көмегімен, топ құрып, қарулы күштерді ұйымдастыруға кірісті. Ол полиция қызметкерлерін, байланыс құралдырын, басқаларын да пайдаланды.

Сингапур тәуелсіздігінің бірінші жылын, яғни 1966 жылы 9 тамызда, халықтың рухын көтеру мақсатында, құрылған қарулы күштермен мерекелік марш ұйымдастырдық. 1971 жылы біздің қарулы күштер қатарында 17 кадрлық батальондар(16000 әскери қызметкер) және 14 резервшілер батальоны (11әскери қызметкер) болды. 1959 жылы біз билікке келгеннен бастап, жұмыссыздық мәселесімен соқтығысу жағдайында болдық.

Үкімет мүшелерінің барлығы тірі қалу үшін индустриализация жүргізу керектігін білді. Адамдарды жұмыспен қамтамасыз ететін кез-келген идеяны іске асырдық. Алкогольсіз сусын шығаратын бір кәсіпкер аспаздарды, даяршыларды, қызметшілерді, жинап тазалаушыларды, гидтер, жүргізушілерді, сувенир өндірушілерді жұмыспен қамтамасыз ететін – туризмды дамытуды айтқан болатын. Біз туризмді дамыту жөнінде агенттік құрып, оның өкілі ретінде кино кәсіпкер Ранм Шоуды тағайындадық. Ол қалай сауда жасауды және шет елдік қонақтарды қалай қызықтыруды жақсы білетін адам еді. Ішкі нарығымыз кішкентай болғанына қарамастан, біздің халқымыздың саны екі миллионнан астам болатын. Сингапурда шығарылатын автокөліктер, тоңазытқыштар, кондиционерлер, теледидар және магнитофондарды протекционисттік шаралармен қорғауға кірістік. Оған қоса, сұйық май, косметика, москиттерді аулайтын тор, шашқа арналған крем, дәретхана қағазы, тіпті нафталин шарын өндіретін кішігірім фабрикалардың бизнесмендерін де ынталандырдық. Тайвань және Гонконгтан инвесторларды тартып, ойыншықтар, тоқыма және дайын киімдерді өндіретін болдық. Біздің алғашқы инвесторларымыз ағылшындықтар болатын. Британдық әскерлер Сингапурдан шығарылғаннан кейін, көптеген ағылшын компаниялары да кетіп қалды. Тек 70-ші жылдардың соңында, Сингапур не нәрсеге қабілетті екенін көргенде, олар қайтадан оралып, осы жолы, шикізат өңдеп, сауданы ұйымдастыру емес, жоғарғы технологиялық өнімдерді, мысалы дәрі шығару сияқты өндірісті қалыптастыру үшін келді.

Біздің кемшіліктерімізді жою үшін екі жақты стратегияға жүгіндім: біріншіден, бізге дейін Израиль жасағандай, біздің аймақтан тыс жерлерге шығу. Бұл ой маған 1962 жылы Сингапурға келген, БҰҰ дамытуға арналған Бағдарламаның экспертiмен жүздесу барысында келдi. Израильдықтар бiзден ауыр қиыншылықтарды басынан кешiрiп, елеп-ескермеген көршiлерiн, яғни арабтарды басып озып, Америка және Еуропамен сауда-саттықпен айналысқан болатын. Сол сияқты бiздiң көршiлерiмiз де, бiзбен қарым-қатынасын үзгендiктен, Сингапур дамыған елдер – Америка, Еуропа, Жапониямен сауда-сатық байланысын орнатып, олардың өндiрушiлерiн Сингапурда кәсiпорын жасауға қызықтыру керек едi. Екiншiден, «үшiншi әлемде» дамыған елдердегiдей оазис жасау. Көршiлес елдермен соғысумен болғандақтан, Израиль жасай алмаған стратегия. Сингапур дамыған елдер сияқты жеке бас қауiпсiздiгi, денсаулық сақтау, бiлiм беру, телекоммуникация, транспорт, қызмет көрсету бойынша жоғарғы деңгейге жететiн болса, онда бiздiң елде бизнеспен айналысатын инженерлер, кәсiпкерлер, менеджер және басқа да кәсiби мамандар үшiн негiзгi лагерьге айналатын едi. Бiрақ, бұл бiздiң халық оларға сай дәрежеде қызмет көрсетуi керек деген сөз. Менiң ойымша, халыққа мектеп, кәсiподақ, қоғамдық орталықтар және ұйымдар арқылы басқаша тәрбие қалыптастырып, ой-өрiстерiн дамытуға септiгiн тигiзу мүмкiн, қолдан келетiн iс едi.

Инвестицияны тартудағы басты рөлдi өкiмет алды. Инфраструктураны жақсарттық, өнеркәсiптiң дамуына қаржылай көмек көрсеттiк, салық және экспорттық жеңiлдiктер ұсындық. Жеке кәсiпкерлiктi дамытуға көмектесу үшiн макроэкономикалық саясат жүргiзiп, еңбек саласында жақсы қатынас орнату керек болды. Азиялық офшорлы доллар нарығында бiздiң жолымыз қарапайым басталды. Бұл нарық «евродоллар» нарығының аналогы болды, бiз оны «азияттық доллар» деп атап кеттiк. Алғашында бұл нарық, өңiрдегi елдердiң банктерiн несиелеу үшiн шет ел банктерiнiң қорын тартып, Сингапурда қаржылық нарық операциясын жүргiздi. Кейiннен «азияттық доллар» нарығы деноминацияланған шет ел валютасымен шет елдiк

валюталар, фьючерстер, опциондар, бағалы қағаздармен сауда жүргізді, синдикатталған кредит беріп, облигация шығарып және инвестициялық қорларды басқарды. 1997 жылы «азияттық доллар» нарығында операцияның көлемі 500 миллион АҚШ долларынан асып түсті. Халықаралық сауда мен инвестиция Азия мен Сингапурды негізгі өңір ретінде жаулап, жаһандық сипат алғанына қарамастан, халықаралық қаржылық операция көлемі экспоненциалды өсті.



1968-1985 жылдар аралығында Сингапурдың өңірде бәсекелестері болмады. Біз халықаралық қаржы институттарының назарын резидент емес салымшылардың тапқан табысына салық салмау арқылы аудардық. Банктік резервтерді және нормативті өтімділікті есептеу барысында «азияттық долларға» деноминацияланған барлық депозиттер ескерілмеді. 90-шы жылдардың соңында Сингапур әлемдегі ең ірі қаржы орталығына айналды. Валюталық операция көлемі бойынша Сингапур Лондон, Нью-Йорк және аз ғана Жапонияға жол береді. Сингапурдың жетістігі басқа елдердің де 80-ші жылдары өздерінің жеке қаржы орталықтарын дамытып, салыққа жеңілдік

беруіне алып келді. Қаржылық орталықтың даму іргетасына заң қағидаттарын сақтау, тәуелсіз соттың болуы және жүйелі макроэкономикалық саясат жүргізетін тұрақты, құзырлы, әділ өкіметтің болуы. Осының нәтижесінде импорттың инфляциясы төмендеп, Сингапурлық доллар тұрақты және мықты валюта болды.

70-80 жылдар аралығында сайлау науқанының уақытында, сайлау округтерінде жаппай митинг кезінде сөз сөйлейтінмін, Фуллертон скверінде түскі 1-ден 2-ге дейін қызметкерлермен жүздеу үшін сол жерде де сөз сөйлейтінмін. Кейде тропикалық нөсер жауатын, барлығы қолшатыр астында мекеменің астына барып тұратын, алайда ешкім кетіп қалмайтын. Үсті-басымның барлығы су болып кетсе де, сөзімді тоқтамай жалғастырумен болдым. Қанша шылқылдап су болсам да, ешқашан суық тиіп ауырмаппын. Газет-журналдарда жазылған сөздерге қарағанда теледидар арқылы айтылатын сөздер халыққа әсерін көбірек тигізеді. Сондықтан халық алдында сөз сөйлеу менің саяси мансабымның мықты жағы болатын.

70 жылдары дарынды, білімді адамдардың тапшылығы байқала бастады. Жыл сайын шамамен 5% жоғарғы білімді адамдар эмиграцияланатын болды. Кейбіреулері Сингапурда білімдеріне лайықты дәрежеде жетістікке жете алмаймыз десе, енді біреулері мансап сатысы тым баяу екенін айтып, қоныс аударып жатты. Дамып келе жатқан экономиканы білімді адамдармен қанағаттандыру үшін дарынды кәсіпкерлерді, білікті мамандарды, шығармашылықпен айналысатын адамдарды, жоғары квалификациялы жұмысшылардың талаптарын ынталандырып, оларды сақтап қалуға тырыстым. 1980 жылы екі комитет құрдық: біріншісі – оларды жұмыспен қамтамасыз етті, екіншісі – олардың әлеуметтік мәселелерін шешті.

1959 жылы өкімет мемлекеттік тіл – малай тілі болады деп шешті. Біраз уақыттан кейін жұмысшылар тілі және халықаралық қатынастар тілі - ағылшын тілі болу керек екенін түсіндік. Халықаралық қоғамдастықтың орталығы бола тұра, Сингапур – малай, қытай, тамиль тілдері арқылы өмір

сүре алмайтынын біліп, ағылшын тілін де мемлекеттік тілдер қатарына қостық.

Көптеген жылдар бойы заңсыз далба дүкен сатушылардың және қарақшы таксилердің көзін құртқанмен де қаланы тазалай алмадық. Тек 1971 жылы жұмыс орындары көптеп аша бастаған кезімізде заң қабылдауға және көшелерді тазартуға мүмкіндігіміз пайда болды. Тамақ дайындайтын заңды далба дүкен сатушыларын, жол жағалауынан тротуардан канализациялық коллекторы мусор өткізгіші және ағынды суы бар жабдықталған орталыққа ауыстырдық. 80-ші жылдың аяғында біз барлық далба дүкен сатушыларын осындай орталықтарға ауыстырдық. Олардың кейбіреуі керемет аспаз болғандарының арқасында біздің еліміздегі туристтердің назарын аударатын болды. Ал біреулері жұмысқа «Мерседеспен» келіп, қызметкерлерді жалдайтын миллионерлерге айналды. Осындай адамдардың іскерлігі, қайраттылығы, дарыны Сингапурды жасап шығарды. Қарақшы таксилердің көзін құрту, альтернативті жұмыс орындарын және автобус қатынастарын қайта ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылды.

Қаланың қаншалықты ластанғанын анықтау үшін жасыл ағаштарға назар салу жеткілікті. Автокөліктерден, автобустардан, дизельді жүк машиналарынан шығатын көп мөлшердегі газ, өсімдіктерді күйемен орап, соңы олардың қурауына әкеледі. Содан мен, қоршаған ортаны ластанудан қорғау бөлімшесін құрдым. Қызу автожолдарда, автокөлік шығаратын күкірттің құрамын, түтіннің тығыздығын, шаңның концентрациясын өлшейтін бақылау жабдықтарын орнаттық.

1984 жылы үкімет қызметкерлеріне жалақыны төлемнің электрондық жүйесі арқылы беру туралы шешім қабылдадым. Бұл полицияның бақылауы арқылы бір айда екі рет қолма-қол ақшаның тасымалдауын керексіз етті. Кейін біз электронды төлемдерді салық және жиындарды төлеу кезінде де қолдана бастадық. Әлемдік рейтингтік агенттіктер Сингапурдың заң жүйесін жоғары дәрежеде бағалады. 1997-1998 жылы Сингапур АҚШ, Ұлыбритания, Жапония және басқа да мемлекеттерді басып озып, әлемнің мықты елдерінің



ондығына кірді. 1995 жылдан бастап саяси және экономикалық тәуекелдікті бағалайтын Гонконгта орналасқан ұйым Азия елдерінің заң жүйесіне баға берген кезінде Сингапурға Азиядағы жоғарғы рейтингті тағайындайтын.

1987 жылы Сингапурға келіп кеткен Лондондық университеттің профессоры Х. Д. Ейсенк жеке бас қасиетін, мінез-құлықты, интеллектуалды даму коэффициентін тексеру үшін психологиялық тесттің керектігі дұрыс екендігін айтты. Мысал ретінде, америкалық мұнай компаниясында 40000 жұмысшыны психологиялық бақылаудан өткізген 40 психологтың жұмыс істейтінін негізге алды. Бізде маңызды қызметтерге арналған кандидаттарды психологиялық тесттен өткізетін психологтар жоқтың қасы еді. Сол кісімен әңгімелескеннен соң, Сингапурдың Ұлттық Университетінен керек қасиеттерге ие, әр түрлі қызметтерге тағайындалатын адамдардың мінез-құлқын зерттей алатын психологтарды көптеп дайындап шығару керектігін айттым.

Билікке келген кезден сабақ ала бастадық. Әрқашан оқумен болдық, өйткені, жағдай өзгеріп отырды, ал біз саясатты жағдайға бейімдеу керек едік. Менің бақытыма орай, үкімет қатарында бірнеше асқан дарын иелері бар болды. Олардың ойлары әркез жаңа идеяға толы еді. Кен Сви, Раджа, Суй Сен біз оқыған кітаптарды өзара айырбастайтын. Біз билікке келген кезде, саясаттан түк хабарымыз жоқ болған, бірақ әркез абайлап, андап басып, кез-келген идеяны ептілікпен енгіздік.

Сингапурды коммунистік немесе нәсілге бөлінген қала ретінде емес, тіршілікке бейімделген қоғам ретінде қалыптастырдық. Мен қабілетті адамдарды іздеп, оларды министр және басқа лауазымды шенеуіктер ретінде қойып, халыққа шынайы жанашыр бола алады деген сенім болды. Жұмысшыларды өз жағымызда ұстап, сонымен бірге капиталмен, біліммен, басқару дағдыларымен бөлісетін және сыртқы саудаға шығаратын, яғни тіршілік етуімізді қамтамасыз ететін инвесторлардың жағдайын жақсылап жасау керек еді. Халық үмітін артқан бір топ ұйымшыл және биік мақсатты көздеген көшбасшылар қолдан келгеннің бәрін істеді. 1965 жылы ЖІӨ 3

миллиард сингапур доллары болған Сингапур 1997 жылы көрсеткіші 15 есеге өсіп, 46 миллиардқа жетіп, Әлемдік банктің есебі бойынша бүкіл әлемде ЖІӨ-ң көрсеткіші бойынша сегізінші орынға шыға алатынына кім сенген?

Шет елдіктермен қарым-қатынас жасау – сингапурлықтарды көп нәрсеге үйретті. Біз дарынды студенттерімізді дамыған елдерге жібердік, басында сол мемлекет тарапынан шәкіртақы бөлінген, кейін шәкіртақыны өзіміз бөлетін болдық. Көптеген шет елдегі көшбасшылардан сабақ алумен болдым.

Қазіргі таңда Сингапур қарулы күштері Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің арасындағы ең озығы. Оған Армия, Теңіз флоты, Әуе күштері кіреді. Ішкі өнімнің 4.9% пайызы әскерге жұмсалады. Әуе баста Сингапур қарулы күштері Англия және Израил мемлекеттерінің көмегі арқылы құрылады. Израил қорғаныс күштері Сингапур қарулы күштерін жоқ жерден жаттықтырып, қаржыландырып, көмегін аямай аймақтағы ең дамыған әскери күштерінің біріне айналдырып жібереді.

*Біз оқу керекпіз, білім арқылы құралған әлемнің бір бөлігіне айналу керекпіз. Жеңіліске тап болмау үшін бізді жетістікке апарған мына қағидаттарды ұстану керек: ол – қоғамдық келісім, ол – барлығына бірдей мүмкіншілік беру, ол – ең лайықты деген адамға лайықты жол нұсқау жүйесі. Соңғысы, өкіметті басқаратын адамдар үшін өте маңызды.*



**QOR.KZ**

Үздік кітаптардың қысқа мазмұндамалар қоры